

ӨЖ 341.29

Г.С. Байкушикова  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: gulnara.baikushikova@gmail.com

### Еуропалық Одақ шеңберінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Францияның тәжірибесі

Экологиялық мәселелерді шешу және қоршаған ортаны қорғау Еуропалық Одақ қызметінің бүгінгі таңдағы маңызды бағыты болып отыр. Бұл салада кең ауқымды экологиялық қағидалар, тетіктер және құралдар жүйесі дамыған, тәжірибеде жемісті жүзеге асырылып жатқан заңнамалар, нормалар бар. Әрине, табиғатты қорғау шараларын ұйымдастыруда унификацияланған әдістердің негізінде жүзеге асырылуына тырысады, бірақ әртүрлі мемлекеттерде өзіндік ерекшеліктер сақталып қалады. Салыстырмалы түрде алсақ АҚШ және Канадада экологиялық саясат әртүрлі бағдарламалар, жоспарлар, ұсыныстар негізінде жүзеге асырылса, Батыс Еуропа елдерінде, соның ішінде Францияда экологиялық саясатты жүзеге асыруда заңдар жүйесіне басты көңіл бөледі. Мақалада Францияның экологиялық саясатының тарихи, халықаралық және еуропалық деңгейі аясында қалыптасуы, өзгеруі, жетістіктері қарастырылады. Францияның экология саласындағы проблемалары, институттары және ластану түрлері – пәнаралық зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді.

**Түйін сөздер:** қоршаған орта, Франция, экологиялық саясат, ластану, «Grenelle».

G.S. Baikushikova

#### French experience in environmental policy provision in the framework of the European Union

Environmental issues and the protection of the environment is one of the key priorities of the EU.

An extensive system of environmental laws, regulations, environmental principles, mechanisms and tools are formed and developing in the field and successfully implemented into the practice. Environmental policy is based on a unified approach to the organization of environmental protection measures, but each country has its own features. For example, in the United States and Canada, the main emphasis in environmental policy implementation is done on the system of laws, and in Western European countries, including France it focuses on the different programs, plans and recommendations.

The article deals with the formation and development of environmental policy in France in the international and European context. Three key issues like the challenges, the institutions and the pollutions, have served as a guide for interdisciplinary research. The article focuses on the changes in these three fields.

**Keywords:** Environment, France, environmental policy, pollution, «Grenelle».

Г.С. Байкушикова

#### Опыт Франции в Обеспечении экологической политики в рамках европейского Союза

Решение экологических проблем и защита окружающей среды в настоящее время является одним из приоритетных направлений деятельности ЕС. В этой области сформирована и развивается обширная система экологического законодательства, норм, экологических принципов, механизмов и инструментов, которые успешно реализуются на практике. Экологическая политика строится на унифицированном подходе к организации природоохранных мер, но в различных странах сохраняются свои особенности. К примеру, в США и Канаде основной упор при реализации экологической политики делается на систему законов, а в западноевропейских странах, в том числе во Франции основное внимание уделяется различным программам, планам, рекомендациям. В статье рассматриваются вопросы становления, развития экологической политики Франции в международном и европейском контексте. Три вопроса – вызовы, институты, загрязнения послужили в качестве ориентира для междисциплинарного исследования. Рассматриваются изменения в этих трех областях.

**Ключевые слова:** окружающая среда, Франция, экологическая политика, загрязнение, «Grenelle».

*Kipicne*

Алдыңғы жүзжылдықтың екінші жартысында экологияда мемлекеттік-басқарушылық бағыт көптеген елдерде нығайды. Егер 70-жылдардың басында қоғам мен табиғаттың сан түрлі аспектілерін реттейтін мемлекеттік органдар тек шамамен он мемлекетте болса, 70-жылдардың ортасында олардың саны алпысқа дейін жетті, 80-жылдардың басына таман жүзден аса болды. Қатарласып экологиялық нышандағы бейүкіметтік ұйымдар мен мекемелердің саны өсті, 80-жылдардың басында әлемде сондай ұйымдардың бірнеше мыңы пайда болды. Осы саланы құқықтық реттеу белсенді дамыды: өндірістік жағынан дамыған мемлекеттер экологиялық заңнаманың дамыған түріне, кейбір мемлекеттерде 100-300-ге жуық жоғары күшке байланысты табиғат қорғау актілеріне, яғни заңдарға, қаулыларға ие.

Францияда экологиялық саясаттың дамуы экологиялық мәселелер мойындарлық және талқылануы тиіс деп қалыптасқан қозғалыстың, халықаралық ойдың ажырамас бөлігі болып отыр.

*Франциядағы экологиялық саясаттың эволюциясы*

Франция басқа да көптеген өндірістік мемлекеттер сияқты, соңғы 40 жыл бойы мақсатталған қоршаған ортаны қорғау саясатын жүргізуде. Сонымен бірге Франция 1971 жылы 27 қаңтарда қоршаған орта мәселелері бойынша Министрлікті құрған алғашқы мемлекеттердің бірі екендігін атап өткен жөн. Министрліктің қызметі ол кездері қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманы қалыптастыруға және басқа министрліктердің осы саладағы күш-жігерлерін үйлестіруге бағытталған еді. 1960 жылдардың өзінде-ақ ұлттық саябақтар туралы заң қабылданған, ал 1964 жылы су ресурстарын қорғау жөніндегі заң қабылданды. Осы заң өзінің уақыты үшін озық болды, себебі сол кездің өзінде-ақ қаржылық ынталандыру тетіктері – «ластаушы-төлейді» деген қағиданы бекіткен.

1971 жылы табиғатты қорғауға деген қоғамдық пікірдің сезімталдығы, зиялы орталарда қоршаған орта тұжырымдамасының тұрақталуы, үкіметті табиғатты және қоршаған ортаны қорғау Министрлігін құруға итермеледі.

1970-1990 жылдар аралығында қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты негізінен қажетті нормативтік актілер құру және қалдықтарды жинақтау және жою бойынша арнайы

мекемелерді құру (1976), ауа сапасын бақылау (1981) және энергияны рационалды пайдалану бойынша (1982) мекемелерді құруға бағытталған еді. Бұл кезенді осы саладағы қалыптасу кезеңі десек болады.

Кейіннен 1990 жылдары бұл органдар қоршаған ортаны қорғау және энергоресурстарды пайдалану жөніндегі агенттікке (ADEME) біріктірілді. Жүргізіліп жатқан саясат 1990 жылы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ұлттық жоспардың қабылдануына алып келді, ал ол өз кезегінде 1991 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша 26 аймақтық дирекцияларды (DIREN) құру арқылы қоршаған ортаны қорғауға жауапты еді [1, p. 70].

90-жылдары әкімшілікті нығайту арқылы экологиялық саясатының институционализациялау үдерісінің аяқталуымен сипатталды.

1998-2001 жылдар аралығындағы кезең мемлекеттік саясатта қоршаған ортаны қорғау рөлінің біршама өскендігімен сипатталады. Бұл жеке құқықтық құралдардың (келісу рәсімдерінің дамуы) жаңаруымен, қоршаған ортаны қорғауды басқару органдарын модернизациялау және нығайтумен, 1999 жылы территорияларды жайғау және ұзақ мерзімді дамыту саласындағы бағыттар туралы заңның және 2000 жылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кодекстің қабылдануымен, заңнамалық тетіктердің нығаюымен көрінісін тауып отыр. Бұл кезенді нығайту кезеңі деп сипаттасак болады.

2002 жылдан бастап Табиғатты және қоршаған ортаны қорғау Министрлігі, Экология және ұзақ мерзімді жоспарлау Министрлігі болып өзгерді. 2002 жылғы Қаулыға сәйкес Экология және ұзақ мерзімді жоспарлау Министрлігі қоршаған ортаны қорғау шеңберінде келесідей шараларға жауапты деп бекітілген:

- табиғатты, ландшафттарды, жер учаскілерін қорғау;
- биоәртүрлілікті қорғау;
- жағалаулар мен тауларды қорғау;
- тұщы суларда балық аулау мен аңшылықты қадағалау;
- қоршаған ортаға, қоршаған ортаны қорғау суды қорғау мен басқаруға қауіпті кәсіпорындардың қарьерлері мен қызметтерін қадағалау [2].

Бұл орган ауа сапасын қорғауға бағытталған сонымен қатар парниктік эффекті және климаттың жылынуымен күрес бойынша әрекеттер жүзеге асыруға, технологиялық немесе табиғат

сипаттағы негізгі қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша әрекеттерді үйлестіруге құзіретті. Экология және ұзақ мерзімді жоспарлау Министрлігі Өндіріс Министрлігімен бірлесе отырып, ядролық қауіпсіздік саясатын анықтайды, радиоактивті және ыдырайтын материалдарды тасымалдауды жүзеге асырады, энергияны рационалды пайдалану және қайта қалпына келетін энергоресурстарды дамыту саясатын құруға, экологиялық қатерлердің алдын алу және азайту мәселесінде көліктер мен ірі инфрақұрылымдардың урбанистік саясатын анықтауға және жүзеге асыруға қатысады. Сонымен қатар бұл Министрлік, қоршаған ортамен байланысты болса, ауылшаруашылық және орман территорияларының саясатын, денсаулық сақтау саясатын анықтауға да қатысады. Министрлік қалдықтарды өндіруді қысқарту және қайта өңдеуді жақсарту мәселелеріне де жауапты, қоршаған орта бойынша салалық қызметтердің дамуына бағытталған шараларды ұсынады, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жүзеге асырылып жатқан зерттеулер саласындағы саясатты анықтауға да қатысады.

Валерий Лакруа және Эдвин Закайдың (Valérie Lacroix, Edwin Zaccari) айтуынша, ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету үшін бұл мемлекеттік орган қоршаған ортамен байланысты өзгерістерді, экологиялық саясатты құру мен жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді дамудың мақсаттары мен міндеттерінің интеграциясын, соның ішінде табиғи ресурстарды басқару саласында салалық интеграцияны бақылап отырады, қоршаған ортаға зиянды әсері бар жобаларға қатысты шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуына бағытталған саясаттың дамуына ықпал етеді, өмір сапасын жақсартатын шаралар, қоршаған ортаны қорғау бойынша тәрбиелік мәні бар және экология саласындағы білім беру бойынша шараларды әрдайым ұсынып отырады [3, p. 219].

Экологиялық мәселелерді шешуде қоршаған ортаны қорғау ассоциациялары үлкен рөл атқарады, олардың мақсаты қоршаған орта саласындағы қандай да бір мәселе азаматтардың ақпараттануын немесе қоғамдық сараптама жүргізуді талап ете ме жоқ па, соны қадағалап отырады. Францияда бұндай ассоциациялардың саны жылдан-жылға өсуде, қазіргі таңда олардың саны он бес мыңнан асады [2].

Көзқарастардың өзгеруін, институттар мен

құралдардың қалыптасуын қарастырумен қатар, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді сараптау үшін қоршаған ортаның ластану жағдайын қарастыру орынды болып отыр.

Техникалық жетістіктердің қоршаған ортаға кері әсерін, ауа кеңістігінің ластануымен күрес мысалында көрсетіп өтейік.

Бұл салада әр кезеңде әртүрлі тастандыларымен күрес орын алды:

- 1960 жылдар - 1970 жылдардың басында негізінен шаң және қара түтінмен күрес шаралары жүргізілді;

- 1970-1980 жылдары күкірт қышқылы газдарының тастандыларымен күрес орын алды;

- 1980-1990 жылдары азот қышқылы тастандыларымен күрес;

- 1990-2000 жылдары қатты бөлшектер мен озон қабатының жұқаруымен күрес;

- 2000 жылдан – бүгінгі таңда негізінен көмір қышқылы газының тастандыларымен күрес қарқынды жүруде [3, p. 210-211].

Франция 1997 жылдан бастап ауа кеңістігінің ластануымен күресті өзінің экологиялық саясатының басым мақсаттарының бірі ретінде қойды. Атмосфераға ластаушы тастандыларды тұрақты түрде төмендетуді мақсат еткен әрекеттерді құруға тырысты. Өндіріс және энергетика секторларында түтінді газдарды күкірттен тазарту құрылғыларын орнату және соңғы кездері құрамында аз көлемде күкірті бар құрылғыларды пайдалану  $SO_2$  тастандыларының көлемін азайтты. Қазіргі заманға сай бір уақытта бақылау және азаматтарды ақпараттандыруға қатысты, ауа сапасын қадағалайтын және ластайтын көздерден тастандыларды қысқартатын нормаларға қатысты интеграцияланған заңнамалық механизм құрылған болатын.

1980 жылдары энергетикалық бағдарламаларының дамуы  $SO_2$  тастандыларының көлемін азайтты, десек те  $CO_2$  тастандыларының тұрақтануына септігін тигізді. Экономикалық жағдайлар өндірістің қайта құрылымдануына, жаңа энергетикалық құрылғыларды орнатуына алып келін, яғни технологияларды дамыту арқылы  $SO_2$  тастандыларының қысқартуға талаптары өсіп келеді. Ауа кестерінің бір жағы, бұл кезеңдері көліктерден шығатын газдардың тастандыларына аса көңіл аудармағандықтан 1960 және 2005 жылдар аралығында  $NO_x$  тастандыларының 2,5 есе өсуіне, ал  $CO_2$  тастандыларының 5 есе өсуіне алып келді. Бұған

жауап ретінде көліктердің атмосфераға зиянды заттардың тасталуын төмендететін катализтік тұрақтандыруы орнатуы,  $\text{NO}_x$  тастандыларын 90 %-ға азайтты. Сонымен бірге Франция қазіргі таңда көліктерге қатысты тастандылардың жартысын қысқартатын «Авто-Ойл» еуропалық стандарттарын пайдалануда. Яғни дәстүрлі технологиялар «жасыл технологияларға» өте бастады, бұл жолды таңдау арқылы қоршаған ортаға антропогендік әсер төмендетілді, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа сапалық деңгейіне шығуына өз септігін тигізді.

Франция 2000 жылы климаттың өзгеруімен күрес бойынша Ұлттық Бағдарламаны қабылдаған, қауіпсіз әлауқаттылықты қамтамасыз ету үшін жасыл экономикаға көшкен алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Бұл бағдарлама 2010 жылға дейін парниктік эффектісі бар газдардың тастандыларының деңгейін 1990 жылдың деңгейіне дейін төментуге бағытталған жүздеген шараларды қарастырған еді. Көптеген жылдар бойы бұл мемлекет өзінің территориясында техногендік қауіптердің, сонымен қатар алыс шақырымда трансшекаралық эффектіге алып келетін аймақтардағы қауіптердің алдын алу және реттеу саясатын жүргізін келеді.

2003 жылдың маусымында Франция барлық секторларда (өндіріс, көлік, құрылыс, ауылшаруашылық) тастандылар көлемін азайту бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарлама көптеген: техникалық (отын, қозғалтқыштар технологиясын, ғазбен жүретін көліктер, электромобильдер, өндірісте тастандыларды азайту), ұйымдастырушылық (қалаларда көліктердің қозғалу сызбасын, қалалық құрылымдар), салықтық салаларды қамтиды. 1990 жыл мен 2008 жылдар аралығында парниктік газдардың тастандыларын шамамен 6%-ға қысқарта отырып, Франция Киото хаттамасы бойынша алған міндеттерін орындауда. Француз үкіметінің пайымдауынша сол 2008 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан шаралар парниктік газдардың көлемін 2020 жылы 1990 жылмен салыстырғанда 22,8 %-ға қысқартуға алып келеді, сонымен қатар олардың тастандыларды 2050 жылы 75%-ға қысқарту секілді амбициялық мақсаттары бар.

Еуропалық Одақта төрағалық кезеңі шеңберінде (2008 шілде – желтоқсан аралығында) француз үкіметі энергияның қайта қалпына келу көздерін пайдалану мәселесінде барлық күнтізбелі жұмылдырды. Қазірдің өзінде Еуропалық

Одақтағы балама энергетика ішкі жалпы өнімді құруда 58 млрд еуроны құрап отыр, бұл салада 1,4 млн адам қызмет етеді. Еуропалық Комиссияның бағамдауынша, егер 2020 жылға дейін энергия пайдалануда 20% қайта қалпына келетін энергия көздері арқылы қамтамасыз ету деп жарияланған мақсатқа қол жекізетін болса, онда бұл сала 2,8 млн жұмыс орнымен қамтамасыз етіліп, Еуропалық Одақтың Жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) шамамен 1,1%-ын құрайды. Балама энергетика тек Еуропалық Одақта ғана емес, басқа елдерде де қарқынмен дамуда. Қазіргі таңда 73 мемлекет индикативті мақсатқа ие, ал 64 мемлекетте қайта қалпына келетін энергияны ынталандыру бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Жалпы алғанда, әлемде қайта қалпына келетін энергия көздерін инвестициялау 120 млрд долларды құрап отыр, алайда Еуропалық Комиссия 2001 жыл мен 2003 жылдар аралығында қайта қалпына келетін энергия көздерін дамытуға бағытталған шаралар толығымен орындалмағанын мойындады. 2010 жылы қайта қалпына келетін көздерден энергия өндіру 19%-ды (норматив 21% еді), биоотын өндіру 4%-ды құрады (норматив 5,75% еді).

Жергілікті мәселелерді айта отырып, интенсивті түрде ауылшаруашылығын жүргізу аймақтарында жер асты суларының ластану мәселесін атап өткен жөн. Ауылшаруашылығы өндірісінің нәтижесінде болатын ластанумен күресте үкімет әртүрлі – регламенттік, экономикалық немесе еріктілік қағидаларына негізделген құралдарды пайдалану арқылы құрамдастырылған әдістерге сүйенеді [4].

Сулардың тұрмыстық қалдықтармен ластануына келер болсақ, Франция үнемі ағын суларды тазарту бойынша құрылғылар мен коллекторларды салу және модернизациялауды жүзеге асырып отырады. Ауылшаруашылығы болсын, өндірістен болсын немесе теңіздегі апаттардан болсын теңіз суларының ластануы орын алғандықтан, бұл салада да атап өтерлік шаралар атқарылуда. Су саясатында «ластаушы-төлейді» қағидасы толығымен жүзеге асырылады. Өндіріспен ауылшаруашылығында суды пайдалануға бағаны өсіру көзделуде, олар әдеттегі және іргелі шығындарды жабуға жұмсалады. Сонымен қатар халықты таза ауыз суымен қамтамасыз ету мәселесі – Францияның және Еуропалық Одақтың экология саласындағы саясатының басым мақсаты. Тұтынушыларға ұсынылатын

су сапа  
асты су  
пестици  
Ауылша  
даму м  
Жыл сай  
лаулары  
Сондықт  
жиі жүрі  
судың са  
екендігін  
су нұсқа  
кезеңге  
қорытын  
Франц  
лық сая  
үлесіне  
31 млн то  
адам бас  
килограм  
Тәулігі  
мыстық  
орналас  
өртеу құ  
түріндегі  
Негізі  
көлемін  
жарату  
лығынд  
тердің б  
және ш  
жетістік  
көлемі  
таңда  
қантары  
иелері  
материал  
рулары  
қорапты  
міндеті  
қайта ө  
қоймал  
Сон  
топыра  
жүзеге  
менттер  
қылы н  
мүмкін  
болуы  
бойын

су сапасы көбінде өзен суларының немесе жер асты суларының сапасына байланысты, оларды пестицидтер мен нитраттардан тазарту мәселесі Ауылшаруашылығы, экология және орнықты даму министрлігімен қадағаланып отырады. Жыл сайын 5500 км-ге созылған француз жағалаулары миллиондаған туристерді тартады. Сондықтан шомылу суларының мониторингін жиі жүргізіп тұрады. Жыл бойына теңіз суынан судың сапасының еуропалық стандарттарға сай екендігін қадағалап тұру үшін 2000-нан астам су нұсқасы алынып зерттеледі, соңында жазғы кезеңге судың сапасы қандай екендігі жайлы қорытындылар беріледі.

Францияның қалдықтарға қатысты экологиялық саясатын айтар болсақ, Францияның үлесіне жылына 2008 жылғы мәліметтерге сай 31 млн тонна тұрмыстық қалдықтар тиесілі, яғни адам басына шаққанда жылына шамамен 354 килограмм қалдық шығарылады [5].

Тәулігіне орта есеппен отыз мың тонна тұрмыстық қалдық Франция территориясында орналасқан жүзден аса зауытта қалдықтарды өртеу құрылғыларында өртеледі, ал бұдан жылу түріндегі энергия алынады.

Негізгі мақсат қалдықтарды жалпы шығару көлемін азайту және бар қалдықтарды кәдеге жарату болып тұр. Францияда үй шаруашылығында қалдықтарды іріктеу басым міндеттердің бірі болды. Бұл мемлекетте пластмассаны және шыныны қайта өңдеу саласында бірталай жетістіктерге жеткен. Қайта өңделген шыны көлемі соңғы он бес жылда екі есе өсіп, қазіргі таңда 61%-ды құрап отыр. 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап өндірістік кәсіпорындардың иелері олар нарыққа шығаратын қораптық материалдардың жоюын немесе қаржыландыруларын қамтамасыз етулері керек. Францияда қораптық материалдардың 75%-ын қайта өңдеу міндеті қойылған. 2002 жылдан бастап тек қайта өңдеуге келмейтін соңғы қалдықтар ғана қоймалануға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар тағы бір ластанудың түрі – топырақтың ластануымен де күрес әрдайым жүзеге асырылуда. Топырақтың микроэлементтермен немесе пестицидтермен, сутегі қышқылы немесе радиоактивті өнімдермен ластануы мүмкін, ал топырақ құрамында зиянды заттардың болуы өсімдіктерді өсуіне және өсімдіктердің бойында улы заттардың жинақтауына алып

келеді. Химиялық заттар, сонымен бірге топырақ құрамын өзгертін, коррозияға алып келуі ықтимал.

Негізгі өндірістік аймақтар, соның ішінде Нөр-Па-де-Кале, Иль-де-Франс және Рона-Альпа аймақтарында өндірістік ластану қаупі бар, сондықтан қауінтердің алдын алу бойынша нақты әдістерді құруға итермеледі.

Топырақтың ластануы және өндіріс орындарына жақын жерлердің ластануына қатысты француздық саясат: профилактикаға, сауықтыруға және зерттеуге негізделген.

Францияның экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатының тағы бір маңызды кезеңі – анықталған кезеңі, бұл кезең 2007 жылдан бастап қоршаған орта және орнықты даму бойынша, соның ішінде биоәртүрлілікті қалпына келтіру, экологиялық біртұтастықтың аймақтық тенденцияларын дамытуға, парниктік газдардың тастандыларын қысқарту және энерготиімділікті жоғарылату үшін ұйымдастырылып жатқан «Grenelle қоршаған орта» саяси кездесулері болып табылады.

2007 жылы 21 мамырда бұл «Grenelle қоршаған орта» идеясын Франция Президенті Николя Саркози ұсынған болатын. Үдерісті 2007 жылы 6 шілдеде Жаңа экология, орнықты даму және территориялық жоспарлау Министрі Жан-Луи Борлоо бастады. Бірнеше жылдарға созылған бұл келіссөздер үдерісі ақырында бірнеше заң жобаларында көрінісін табады, біріншіден, жаңа орнықты даму саясатының негізгі қағидаларын анықтайтын «Grenelle I» заңы 2009 жылы 21 қазанда Ұлттық жиналыспен бір ауыздан қабылданды және көбінесе нақты шараларға, оларды қаржыландыруға бағытталған «Grenelle II» заңы болып отыр, екінші заң 2010 жылы Ұлттық жиналыста талқылануы қажет еді.

Кездесулер 5 деңгейдің қатысуымен жүзеге асырылады: мемлекет, жергілікті билік органдары, жұмыс берушілер, кәсіподақтар және экологиялық бірлестіктер. «Grenelle қоршаған орта» үдерісі диалог сипатта болып, соңында шешімді бәрібір мемлекеттің өзі қабылдайды. Мықты әкімшілік құрылым, мүдделі тараптардың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы және мемлекеттік араласудың әртүрлі құралдарын біріктіру – француз экологиялық саясатында интеграцияланған тежеуіш болып отыр [6, p. 317].

Бұл бағдарламаның алдында тұрған маңызды міндеттер: қоршаған орта мен экономиканы

интеграциялау; нарықтық тетіктерді оңтайландыру; негізгі тұтынушыларды хабардар ету.

«Grenelle» шешетін тағы бір маңызды қадамдардың бірі – басты секторлар бойынша, атап айтсақ энергия, көлік және ауылшаруашылығы секторларында шешім қабылдау. Бірқатар ескертулерге қарамастан, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ассоциациялар «Grenelle I» заңымен қарастырылған осы секторлардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бойынша шараларын қолдайды.

#### Қорытынды

Осы сараптама аясында Франция не десек те, нәтижелері экономикамен байланысты жеке өзіндік нақышы бар саясатты жүргізіп жатқан еуропалық және ғаламдық өзгерістердің ажырамас бөлігі екендігі айқындалады. Еуропалық бірегейлікті құру үдерісі барысында экологиялық құрамдас бөлікті дамытуда Францияның да қосар үлесі зор екендігін көруге болады.

1971 жылы қоршаған орта бойынша Министрліктің құрылуы қоршаған ортаның жалпы институционалдық жүйелерге интеграциялануына мүмкіндік берді, ал қоршаған ортаны

қорғау жөніндегі Ұлттық жоспар «ауқымдардың өзгергендігін» жариялады. Институционалды импульс әрбір кезеңде мәселені жан-жақты қарастырып, секторалдық жетістіктерге жетуге түрткі болды. Мысалы, көмірқышқыл газдардың тастандыларына салық салу идеясы 1990 жылы қабылданбай қойған еді, ал бүгінгі таңда бұл идея, климат-энергия салығы ретінде өзекті болып отыр. Сондықтан Франция бұл мәселені горизонтальды және вертикальды саяси жауапты талап ететін мәселе ретінде кезең-кезеңімен қарап, ақырындап дамытуда.

Аталып кеткен «Grenelle» қоршаған орта бағдарламасы болашақта «экологиялық революция» [7] болуға тырысады. Француз зерттеушілерінің пікірінше, егер институционалдық жағынан шын мәнісінде жетістіктерге жетсе, ендігі таңда осы «Grenelle» бағдарламасы біршама артқа шегерілген мәселелерді алға қойып, айтылған сөз бен фактілер арасында келісулерді орнатуы қажет. Нәтижесінде Grenelle бағдарламасының жақын арадағы бес-он жылда өзінің нәтижелерін беретін аймақтық үдерісіне айналатынына сеніммен қарап отыр.

#### Әдебиеттер

- 1 Chabason Lucien. Vingt ans de politique française de l'environnement // Environnement et gestion de la planète. Cahiers Français. – Paris, 1993. – №250. – P. 69-76.
- 2 Lascoumes (Pierre), Séminaire « Pôle Action Publique » du CEVIPOF // Séance sur l'étude du changement. – Paris, 2008. – P. 2.
- 3 Lacroix V., Zacaï E. Quarante ans de politique environnementale en France: évaluations, avancées, constantes // Revue française d'administration publique. – Paris, 2010. – №134. – P. 205-232.
- 4 Institut française de l'environnement (IFEN). L'environnement en France. – 2006. – P. 193.
- 5 Production des déchets en France en 2008. Agence de l'Environnement et de la Maîtrise de l'Energie // <http://www2.ademe.fr>
- 6 Boy Daniel « Le Grenelle de l'environnement : une novation politique ? » // Revue française d'administration publique. – Paris, 2010. – №134. – P. 313-324.
- 7 «Discours du Président de la République à l'issue des premières conclusions du Grenelle», 25 octobre 2007. // <http://www.legrenelle-environnement.fr/grenelle-environnement/spip.php ?article552>